

# ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ МАҢЫЗДЫ

**Е**лбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рұхани жаңғыру» мақаласында тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филологияғының бойынша студенттерге заманауи білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырган болатын.

Осы тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Жобаны жүзеге асыру үшін Ұлттық аударма бюросы құрылды.

Жобаның мақсаты – гуманитарлық бағыттағы әлемнің ең үздік оқулықтарын қазақ тіліне аударып, елдегі барлық жоғары оқу орнына жеткізу, сол арқылы гуманитарлық білім мен ғылымның мазмұнын жаңарту. Аударылатын оқулықтарды іріктеу барысында 800-ден аса ұсыныс түсіп, арнайы жұмыс тобының қа-

рауына жіберілді. Оқулықтың таңдауда бірнеше талап ескеріледі: әлемнің ең озық 100 университетінің оқу бағдарламасында болуы; кемінде уш басылымда жарық көрүі және соңғы з жылда басылып шығуы; мазмұнының бейтарап сипатта болуы; заманға сай, түрлі интерактивті қосымшаларының болуы. Аталған талаптардың негізінде 47 оқулық аударылды. Эр оқулық 10 мың данамен басылып, еліміздегі 132 ЖОО-ға таратылды. Оқулықтардың басым белгілі ағылшын тілінен, сонымен қатар француз және орыс тілдерінен аударылған. Бұл кітаптар-

даңында орыс тіліндегі нұсқасының болуына қарамастан, оқулықтың түпнұсқа тілінен тікелей аударылуына баса мән берілді. Иріктелгем оқу куралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аударма шылар мен редакторлар тартылды. Аударма барысында арнайы мамандардың ғана емес, оқырман тарарапынан келіп түсken ұсыныстар да ескеріледі. Кез келген оқырман 100kitap.kz сайтындағы көрінісінде оқытушылардың жаңарту мазмұнын сипаттауда болады.

Оқулықтардың электрондық нұсқасы да әзірленіп, олар «Қазақстанның ашық университеті» – OpenU.kz платформасына жүктелген. Қазіргі таңда платформада 172 курс қамтылған, оған тіркелген қолданушылар саны 46 мыңнан, ал қазақ және орыс тілдеріндегі

дәрістер саны 4000-нан асады. Бейнедәрістермен қатар, тапсырмалар мен қосымша оқу материалдары, тест сынақтары және конспектілер беріледі. 2019 жылы 9 мыңға жуық сөзді қамтитын «Қазақ тілінің кірме сөздерінің сөздігі» дайындалып, басылып шықты. Сонымен қатар «Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі» және «Оксфорд экономика сөздігі» жарық көрді. Сөздіктер 10 мың данамен басылып, қөптеген оқу орындарына таратылды. Бір сөзben айтқанда, «Рұхани жаңғыру» нақты жобаларды іске асыруға бағытталған кешенді бағдарлама.

**К.МАМБЕТОВ,  
А.САРМАНОВА,  
Қ. ИСАБАЕВ  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-НІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ  
МАМАНДЫҚТАРГА  
АРНАЛГАН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ  
КАФЕДРАСЫНЫҢ  
АГА ОҚЫТУШЫЛАРЫ**